

Аймауытовты танығың келсе,.. әуелі оның шығармашылығымен таныс



Ыбырай Алтынсарин атындағы облыстық балалар кітапханасында қазақтың көрнекті жазушысы, драматург Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылығына арналған «Жүсіпбек Аймауытов – нағыз ұлы жазушы» деген тақырыпта әдеби кеш өтті.

Әдеби кешке Шымкент қаласындағы №135 жалпы орта мектеп оқушылары қатысып, ақынның өміршең өлеңдерін жатқа оқып, «Ақбілек» романынан көрініс қойды. Патриоттық сарындағы әндерді орындап, күй тартты. Сонымен қатар, қаламгердің «Қартқожа» романын да жан-жақты талқылап, шығарма жайлы өз ойларын ортаға салды.

Іс-шара соңында кітапхана ұжымы әдеби кешке қатысқан оқырмандарға ризашылығын білдіріп, оларды Мақтау қағаздарымен марапаттады.

**Қанат ЖОЛДАСБЕК,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университетінің
4-курс студенті.**